Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ІСКЕ ҚОСУ-ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

(ҚР ЭСН 8.04-01-2022, ҚР ЭСН 8.05-01-2022, ҚР ЭСН 8.04-02-2022, ҚР ЭСН 8.04-03-2022)

Өзгерістер мен толықтырулар
29 – шығарылым

ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА РЕМОНТНО-СТРОИТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА ПУСКОНАЛАДОЧНЫЕ РАБОТЫ

(ЭСН РК 8.04-01-2022, ЭСН РК 8.05-01-2022, ЭСН РК 8.04-02-2022, ЭСН РК 8.04-03-2022)

Изменения и дополнения
Выпуск 29

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана 2022 г.

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ІСКЕ ҚОСУ-ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

(ҚР ЭСН 8.04-01-2022, ҚР ЭСН 8.05-01-2022, ҚР ЭСН 8.04-02-2022, ҚР ЭСН 8.04-03-2022)

Өзгерістер мен толықтырулар
29 – шығарылым

ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА РЕМОНТНО-СТРОИТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА ПУСКОНАЛАДОЧНЫЕ РАБОТЫ

(ЭСН РК 8.04-01-2022, ЭСН РК 8.05-01-2022, ЭСН РК 8.04-02-2022, ЭСН РК 8.04-03-2022)

Изменения и дополнения
Выпуск 29

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана 2022 г.

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар баскармасы
3 ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ	ҚР ИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 09.12.2022 ж. № 230-нқ бұйрығымен
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	01.01.2023ж. бастап

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Предисловие

1 РАЗРАБОТАНЫ	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕНЫ	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК)
3 ПРИНЯТЫ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 09.12.2022 г. № 230-нқ
И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ	с 01.01.2023г.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

Мазмұны

ӨЗГЕРІСТЕР 1
ҚР ЭСН 8.04-01-2022 1
ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ 1
Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер 1
ҚР ЭСН 8.04-02-2022 4
ЖАБДЫҚТЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР 4
Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер 4
ҚР ЭСН 8.05-01-2022 7
ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР 7
Жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер 7
ҚР ЭСН 8.04-03-2022 10
ІСКЕ ҚОСУ-БАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР 10
Іске қосу-баптау жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер 10

БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК

ӨЗГЕРІСТЕР

ҚР ЭСН 8.04-01-2022

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер

1 1.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1 Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар бастапқы сметалық нормативтер болып табылады және жергілікті сметалар мен жергілікті сметалық есептерді жасау, ірілендірілген сметалық нормаларды әзірлеу кезінде сметалық шығындарды айқындауға арналған».

2 1.3-тармақ алынып тасталсын.

3 2.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.6 Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөліктерінде жұмыстардың айрықша ерекшеліктерімен шарттастырылған ережелер, нормаларды қолдану кезінде ескерілуі қажет элементтік сметалық нормаларды қолдану мақсаты мен тәртібі туралы нұсқаулар келтіріледі.»

4 2.8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.8 Құрылыс жұмысының немесе конструктивтік элементтің жеке түріне арналған элементтік сметалық норма құрылыс жұмысының немесе конструктивтік элементтің өлшем бірлігіне белгіленген мынадай нормативтік ресурстық көрсеткіштерді қамтиды:

жұмысшылардың еңбек шығындары, адам-сағ.;

жұмыстың орташа разряды;

машинистердің еңбек шығындары, адам-сағ.;

құрылыс машиналарының, механизмдерінің, механикаландырылған құралдың номенклатурасы мен пайдалану уақыты маш.- сағ;

жұмыстарды жүргізу процесінде пайдаланылатын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың тізбесі және олардың физикалық (заттай) өлшем бірліктеріндегі шығысы.»

5 2.11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.11 Жинақ Бөлімдерінің нормалары жұмыстарды жүргізуді және қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі нормативтік талаптарға сәйкес, сондай-ақ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді сақтай отырып, жұмыстарды орындауды көздейді.»

6 2.18-тармақта және В қосымшасының В.1 кестесінің атауында: «(жұмысшы машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)» деген сөздер: (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)» деген сөздермен ауыстырылсын.

7 3.3 және 3.4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3 Жергілікті сметалармен (жергілікті сметалық есептермен) айқындалатын құрылыс жұмыстарының сметалық құны жұмысшылардың еңбек шығындарының, құрылыс машиналары мен механизмдерін, материалдық ресурстарды пайдаланудың сметалық құнын ескереді.»

Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) жұмыстардың жекелеген түрлерінің сметалық құнын есептеу жұмыстардың көлемдерін жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құнына көбейту жолымен орындалады. Жұмыстардың көлемі жобалау құжаттамасының, жұмыстардың атаулары, олардың өлшем бірліктері мен саны көрсетілген жұмыс көлемі ведомостарының, сызбалар мен ерекшеліктерге сілтемелердің, жұмыстардың көлемі мен материалдық ресурстардың шығыстарын есептеудің (есептеу формулаларын келтіре отырып), сондай-ақ құрылыстың сметалық құнын айқындау үшін қажетті өзге де бастапқы деректердің негізінде айқындалады.

3.4 Элементтік сметалық нормаларды қолдану кезінде жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құны элементтік сметалық нормалар бойынша қабылданған жұмыстың өлшем бірлігіне ресурстар көлемін көбейту қорытындысының және ағымдағы бағаларда осы ресурстардың өлшем бірлігінің сметалық құнының жиынтығы ретінде айқындалады.

Жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құнын есептеу шығыстары тиісті өлшем бірліктерінде элементтік сметалық нормада ескерілген ресурстардың атаулары бойынша жергілікті сметаның (жергілікті сметалық есептің) жекелеген жолдарында (тармақшаларында) орындалады, атап айтқанда:

орташа разрядты көрсете отырып, жұмысшылардың еңбек шығындары, оның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу,

машиналар мен механизмдер, оның ішінде машинистердің еңбегіне ақы төлеу,

материалдар, бұйымдар және конструкциялар.»

8 3.6 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3.6 Көрсетілген жұмыстардың көлеміне жұмыстың әр түрі үшін алынған ресурстық көрсеткіштер жергілікті сметадағы сметалық құнды анықтау үшін қолданылады:

жұмысшылардың еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – еңбек шығындарының құнын, соның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу қаражатын анықтау үшін;

машинистердің еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – машинистердің еңбегіне ақы төлеу қаражатын анықтау үшін;

құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану уақыты туралы деректер (маш.- сағ) - машиналарды пайдаланудың сметалық құнын анықтау үшін;

қабылданған физикалық өлшем бірліктеріндегі материалдардың, бұйымдардың (бөлшектердің) және конструкциялардың шығысы туралы деректер – олардың сметалық құнын анықтау үшін.

3.7 Жұмыстың әрбір түріне элементтік сметалық нормаларда ескерілген ресурстардың құнын байланыстыру құрылыс жүзеге асырылатын өңір бойынша жүргізіледі.»

9 3.9-тармақ алынып тасталсын.

10 3.11-тармақта 3 абзац алынып тасталсын.

11 3.12-тармақта «07-бөлімдегі» деген сөздер «7-бөлімдегі»деген сөздермен ауыстырылсын.
12 3.15-тармақта «немесе прайс-парақтар» деген сөздер «немесе ағымдағы бағалар туралы ақпарат» деген сөздермен ауыстырылсын.

13 «Конструкциялар мен инженерлік құрылғыларды бөлшектеуге (бөліктеуге) арналған нормаларға қолданылатын коэффициенттер» деген 1-кестеде тақырыптар мен тақырыпшалар мынадай редакцияда жазылсын:

Бөлшектеу жұмыстарының атауы	**Нормаларға қолданылатын коэффициенттер**		
	жұмысшылардың еңбек шығындары	**машиналарды пайдалану уақыты (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)**	**қосалқы материалдар шығысы**

14 А қосымшасының «Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар жинағы бөлімдерінің тізбесі» деген А.1 кестесінде 33-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

33	Электр беру желілерін салу бойынша құрылыс жұмыстары

14 Б қосымшасының Б.1 кестесінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«Жобаларда көзделген жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алуға арналған еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының нормаларына (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) коэффициенттер».

15 В қосымшасының «Топтар бойынша құрылыс жұмыстарының түрлері» деген В.2 кестесінде 39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

39	1133	Электр беру желілерін салу бойынша құрылыс жұмыстары	3

16 «Құрылыстың түрлері бойынша құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларында құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізу кезіндегі қосымша шығындардың сметалық нормалары» деген Г қосымшасы алынып тасталсын.

ҚР ЭСН 8.04-02-2022

ЖАБДЫҚТЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер

Кіріспеде:

1 Үшінші абзацтағы «Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер» деген сөздер «Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер» деген сөздермен ауыстырылсын.

«Қолданылу саласы» деген 1-бөлімде:

2 1.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1 Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар бастапқы сметалық нормативтер болып табылады және жергілікті сметалар мен жергілікті сметалық есептерді жасау кезінде сметалық шығындарды айқындауға, сондай-ақ ірілендірілген сметалық нормаларды әзірлеуге арналған»;

3 1.3-тармақ алынып тасталсын.

«Жалпы бөлім» деген 2-бөлімде:

4 2.10-тармақтағы «ҚНжЕ» Жұмыстарды ұйымдастыру, өндіру және қабылдау» деген сөздер «ҚР ҚН 1.03-00 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру»« деген сөздермен ауыстырылсын;

5 2.11-тармақтағы «ҚНжЕ» Жұмыстарды ұйымдастыру, өндіру және қабылдау» деген сөздер «ҚР ҚН 1.03-00 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру»« деген сөздермен ауыстырылсын;

6 2.12-тармақта бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Аталған жұмыстарға арналған ресурстардың шығысы жабдықты монтаждау бойынша жұмыстардың құрамында қосымша жергілікті сметаларда ескеріледі.».

«Қолдану тәртібі» деген 3-бөлімде:

7 3.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1 Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) монтаждау жұмыстарының құнын айқындау үшін бастапқы деректер мыналар болып табылады:

олардың құнын кейіннен байланыстырумен көрсетілген жұмыс бірлігін орындау үшін қажетті номенклатурадағы Жинақ Бөлімдерінің әрбір элементтік сметалық нормасында келтірілген ресурстық көрсеткіштер;

Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөлігінде келтірілген жұмыстардың көлемін есептеу қағидаларын ескере отырып, жұмыс жобасы

(жобасы) бойынша сызбалар мен ерекшеліктер негізінде айқындалған жұмыстардың көлемі мен жабдықтар.»;

8 3.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3 Жергілікті сметалармен (жергілікті сметалық есептермен) айқындалатын монтаждау жұмыстарының сметалық құны жұмысшылардың еңбек шығындарының, құрылыс машиналары мен механизмдерін, материалдық ресурстарды және жабдықтарды пайдаланудың сметалық құнын ескереді.»;

9 3.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

«3.4 Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) монтаждау жұмыстарының жекелеген түрлерінің сметалық құнын 3.1-тармаққа сәйкес айқындалған жұмыстардың көлемдерін жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құнына көбейту жолымен орындалады.

Элементтік сметалық нормаларды қолдану кезінде жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құны элементтік сметалық нормалар бойынша қабылданған жұмыстың өлшем бірлігіне ресурстар көлемін көбейту қорытындысының және ағымдағы бағаларда осы ресурстардың өлшем бірлігінің сметалық құнының жиынтығы ретінде айқындалады.

Жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құнын есептеу шығыстары тиісті өлшем бірліктерінде элементтік сметалық нормада ескерілген ресурстардың атаулары бойынша жергілікті сметаның (жергілікті сметалық есептің) (4-нысан) жекелеген жолдарында (тармақшаларында) орындалады, атап айтқанда:

орташа разрядты көрсете отырып, жұмысшылардың еңбек шығындары, оның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу,

машиналар мен механизмдер, оның ішінде машинистердің еңбегіне ақы төлеу,

материалдар, бұйымдар және конструкциялар.

Жергілікті сметада (жергілікті сметалық есепте) (4-нысан) жабдықтың құны жеке жолда ескеріледі.»;

10 3.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3.6 Көрсетілген көлемге жұмыстың әр түрі үшін алынған ресурстық көрсеткіштер жергілікті сметада мыналарды анықтау үшін қолданылады:

жұмысшылардың еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – еңбек шығындарының сметалық құнын, соның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу қаражатын анықтау үшін;

машинистердің еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – машинистердің еңбегіне ақы төлеу қаражатын анықтау үшін;

құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану уақыты туралы деректер (маш.- сағ) - машиналарды пайдаланудың сметалық құнын анықтау үшін;

қабылданған физикалық өлшем бірліктеріндегі материалдардың, бұйымдардың (бөлшектердің) және конструкциялардың шығысы туралы деректер – олардың сметалық құнын анықтау үшін.»;

11 3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

«3.7 Жұмыстың әрбір түріне элементтік сметалық нормаларда ескерілген ресурстардың құнын байланыстыру құрылыс жүзеге асырылатын өңір бойынша жүргізіледі.»;

12 3.8-тармақ алынып тасталсын.

13 3.10-тармақтағы «құрылыс жұмыстарына» деген сөздер «монтаждау жұмыстарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

14 3.18-тармақтағы «құрылыс жұмыстарын жүргізу әдістері» деген сөздер «жұмыстарды жүргізу әдістері» деген сөздермен ауыстырылсын.

«Бөлшектеу жұмыстары» деген 6-бөлімде:

15 2-кестеде бағанның тақырыптары мен тақырыпшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«

Жабдықты бөлшектеу шарттарының атауы	**Нормаларға қолданылатын коэффициенттер**	
	жұмысшылардың еңбек шығындары	**машиналарды пайдалану уақыты (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)**

«.

Б қосымшасында *(міндетті)***:**

16 Б.1 кестесінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«**Б.1 кестесі - Жобаларда көзделген жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алуға арналған еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының нормаларына (машинистерінің еңбек шығындарын қоса алғанда) қрлданылатын коэффициенттер**»;

17 Б.2 кестесінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«**Б. 2 кестесі - Жер асты жағдайында жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алу үшін еңбек шығындарының нормаларына, машинистердің еңбек шығындарына қолданылатын коэффициенттер**».

ҚР ЭСН 8.05-01-2022

ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

Жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер

1 1.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1 Жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар бастапқы сметалық нормативтер болып табылады және ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу және қайта жаңарту объектілерінде жергілікті сметалар мен жергілікті сметалық есептерді жасау кезінде сметалық шығындарды айқындауға арналған.»,

2 2.11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.11 Жинақ Бөлімдерінің нормалары жұмыстарды жүргізуді және қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі нормативтік талаптарға сәйкес, сондай-ақ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді сақтай отырып, жұмыстарды орындауды көздейді.».

3 2.24-тармақта және В қосымшасының В.1 кестесінің атауында: «(жұмысшы машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)» деген сөздер: (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)» деген сөздермен ауыстырылсын.

4 3.3 және 3.4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3 Жергілікті сметалармен (жергілікті сметалық есептермен) айқындалатын сметалық құн жұмысшылардың еңбек шығындарының, құрылыс машиналары мен механизмдерін, материалдық ресурстарды пайдаланудың сметалық құнын ескереді.»

Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) жұмыстардың жекелеген түрлерінің сметалық құнын есептеу жұмыстардың көлемдерін жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құнына көбейту жолымен орындалады. Жұмыстардың көлемі жобалау құжаттамасының, жұмыстардың атаулары, олардың өлшем бірліктері мен саны көрсетілген жұмыс көлемі ведомостарының, сызбалар мен ерекшеліктерге сілтемелердің, жұмыстардың көлемі мен материалдық ресурстардың шығыстарын есептеудің (есептеу формулаларын келтіре отырып), сондай-ақ құрылыстың сметалық құнын айқындау үшін қажетті өзге де бастапқы деректердің негізінде айқындалады.

3.4 Элементтік сметалық нормаларды қолдану кезінде жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құны элементтік сметалық нормалар бойынша қабылданған жұмыстың өлшем бірлігіне ресурстар көлемін көбейту қорытындысының және ағымдағы бағаларда осы ресурстардың өлшем бірлігінің сметалық құнының жиынтығы ретінде айқындалады.

Жұмыстың өлшем бірлігінің сметалық құнын есептеу шығыстары тиісті өлшем бірліктерінде элементтік сметалық нормада ескерілген ресурстардың атаулары бойынша жергілікті сметаның (жергілікті сметалық есептің) жекелеген жолдарында (тармақшаларында) орындалады:

орташа разрядты көрсете отырып, жұмысшылардың еңбек шығындары, оның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу,
машиналар мен механизмдер, оның ішінде машинистердің еңбегіне ақы төлеу,
материалдар, бұйымдар және конструкциялар.»

5 3.6 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3.6 Көрсетілген жұмыстардың көлеміне жұмыстың әр түрі үшін алынған ресурстық көрсеткіштер жергілікті сметадағы сметалық құнды анықтау үшін қолданылады:

жұмысшылардың еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – еңбек шығындарының құнын, соның ішінде жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу қаражатын анықтау үшін;

машинистердің еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – машинистердің еңбегіне ақы төлеу қаражатын анықтау үшін;

құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану уақыты туралы деректер (маш.- сағ) - машиналарды пайдаланудың сметалық құнын анықтау үшін;

қабылданған физикалық өлшем бірліктеріндегі материалдардың, бұйымдардың (бөлшектердің) және конструкциялардың шығысы туралы деректер – олардың сметалық құнын анықтау үшін.

3.7 Жұмыстың әрбір түріне элементтік сметалық нормаларда ескерілген ресурстардың құнын байланыстыру құрылыс жүзеге асырылатын өңір бойынша жүргізіледі.»

6 3.8-тармақ алынып тасталсын.

7 3.11-тармақта «(жұмысшы машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)» деген сөздер: (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)» деген сөздермен ауыстырылсын.

8 «Нормаларға қолданылатын коэффициенттер» деген 1-кестеде тақырыптар мен тақырыпшалар мынадай редакцияда жазылсын:

Нормаларға қолданылатын коэффициенттер		
жұмысшылардың еңбек шығындары	**машиналарды пайдалану уақыты**	**машинистердің еңбек шығындары**

9 «Конструкциялар мен инженерлік құрылғыларды бөлшектеуге (бөліктеуге) арналған нормаларға қолданылатын коэффициенттер» деген 2-кестеде тақырыптар мен тақырыпшалар мынадай редакцияда жазылсын:

Бөлшектеу жұмыстарының атауы	Нормаларға қолданылатын коэффициенттер		
	жұмысшылардың еңбек шығындары	машиналарды пайдалану уақыты (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда)	қосалқы материалдар шығысы

10 Б қосымшасының Б.1 кестесінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жобаларда көзделген жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алуға арналған еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының нормаларына (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) коэффициенттер».

ҚР ЭСН 8.04-03-2022

ІСКЕ ҚОСУ-БАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

Іске қосу-баптау жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер

«Жалпы бөлім» деген 2-бөлімде:

1 2.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Іске қосу-баптау жұмыстарының сметалық құнын айқындауға қойылатын негізгі талаптар Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын айқындау жөніндегі нормативтік құжатта (бұдан әрі – Нормативтік құжат) келтірілген.».

«Қолдану тәртібі» деген 3-бөлімде:

2 3.3-тармақтағы «Жергілікті сметалармен (жергілікті сметалық есептермен) айқындалатын сметалық құн сметалық шығындарды, үстеме шығыстарды, сметалық пайданы, өзге де шығындарды қамтиды.» деген сөздер алынып тасталсын.

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР, ІСКЕ ҚОСУ-ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

(ҚР ЭСН 8.04-01-2022, ҚР ЭСН 8.05-01-2022, ҚР ЭСН 8.04-02-2022, ҚР ЭСН 8.04-03-2022)

Өзгерістер мен толықтырулар
29 – шығарылым

Басылымға жауаптылар: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
Қарпі: Times New Roman. Пішімі 60 x 84 $^{1}/_{8}$
050046, Алматы қаласы, Солодовников көшесі, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – қабылдау бөлмесі

Издание официальное

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства

ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА РЕМОНТНО-СТРОИТЕЛЬНЫЕ РАБОТЫ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ, ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА ПУСКОНАЛАДОЧНЫЕ РАБОТЫ

(ЭСН РК 8.04-01-2022, ЭСН РК 8.05-01-2022, ЭСН РК 8.04-02-2022, ЭСН РК 8.04-03-2022)

Изменения и дополнения
Выпуск 29

Ответственные за выпуск: АО «КазНИИСА»
Гарнитура: Times New Roman. Формат 60 x 84 $^{1}/_{8}$

050046, г. Алматы, ул. Солодовникова, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – приемная